



2023.02.08

А-8/326

**«Коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің атауын өзгерту
туралы» Ақмола облысы әкімдігінің
2022 жылғы 14 қазандағы №А-10/495
қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауын өзгерту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 14 қазандағы №А-10/495 қаулысына мынандай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының №2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысында:

29-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік мекемеде оқыту мен тәрбиелеу мемлекеттік тілде жүргізіледі;».

2. Қоса беріліп отырған Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының №2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысына енгізілетін өзгерістің мәтіні бекітілсін.

3. «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, енгізілген өзгерістің Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің
міндетін атқарушы



Е. Рамазанов

Ақмола облысы әкімдігінің
2023 жылғы 02 тамыздағы
№А-8/326 қаулысымен
бекітілді

**Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының
№2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысына енгізілетін
өзгерістің мәтіні**

Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының №2 «Дарын»
облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің жарғысында:

29-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік мекемеде оқыту мен тәрбиелеу мемлекеттік тілде
жүргізіледі;».